

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫК «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
III апта (15- 19 наурыз 2021ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Тәрбиеші: Абеннова Б.К

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Сәлеметсіздер ме, балалар!					
Балалардың шаттық шеңбері.	Армысың сұлу күн, Армысың жан досым. Жылуына жылу қос, Міне менің қолым!	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Телегіміз бейбіт күн, Ашық болсын кең аспан!	Күн мен сені сүйемін, Саған бас немін. Жылу бер бақыт бер, Мейіріммен шабыт бер.	Күлімде күн күлімде, Күлсін барлық бала шат. Шынығып біздің денміз, Бірге ойнап күлеміз.	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.	1.Сауат ашу. Тақырыбы: Тамақтану әдебі. h дыбысы мен әрпі Мақсаты: h дыбысыжәне оның әріп таңбасымен таныстыру, h дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту. Тақырыбы: Тамақтану әдебі. h дыбысы мен әрпі Мақсаты: h дыбысыжәне оның әріп таңбасымен таныстыру, h дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту. Әліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Педагог қазақ тілінде h дыбыс естілетін сөздерді дауыстап оқиды. Педагог балаларға h дыбысының айтылуын үйретеді. Айтқанда дауыс шымылдығында діріл болмайды, дыбыс сүзіліп шығады Қаһарман, айдаһар, қаһар. Балалар педагогпен бірге h дыбысы естілетін сөздерді қайталап, буынға бөледі. 2-тапсырма. Сюжетті суретті көрсете отырып, асханадағы балалардың іс-әрекетін түсіндіреді.	1.Математика негіздері. Тақырыбы: Серуенге атпен шығамыз. Фигуралар мен заттардың пішінін білемін. Мақсаты: Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажырата білу. Әліппе дәптермен жұмыс 1.Әлия мен Сырым атпен серуенге шықты. Олар боялған фигуралар ретімен ғана жүре алады. Олардың жолын бояп көрсет. 2.Пішіндерге қарап аппликация жаса. 3.Әр қатардағы фигуралардың қандай ерекшеліктері бар Сызып қос. Сергіту сәті. Бойды сергек тік ұста, Емін еркін тыныста. Деміңді ішке тез алда, Оң қолыңды соз алға. Қол ұшына кара да, Үшбұрыш сыз ауада. Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын.	1.Сауат ашу. Тақырыбы: Тағамдар қайдан келеді Я дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Я дыбысы мен әрпімен таныстыру. Құрамында Я дыбысы бар сөздерді талдау; Я дыбысын дұрыс дыбыстап айтуға үйрету. Я дыбысы кездесетін сөздерге сөйлем құрату. Балалардың сөздік қорын молайту. Әліппе дәптермен жұмыс. Тағамдар қайдан келеді? 1.Жерден өніп шығатын тағамдарды жасыл түспен қорша. Малдан алынатын тағамдарды қызыл түспен қорша. Сөздерді буынға бөл. Дыбыстық талдау жаса. Я - қосарлы дауысты дыбыс. Я=Й+А 2.Пісірмей жейтін тағамдар қайсысы? Белгіле. 3.Я әрпімен таныс бол. Аяңды пияз жылатты, Көзінің жасын бұлатты.	1.Құрастыру. Тақырыбы: Алтын балық. Мақсаты: Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Әліппе дәптермен жұмыс. -Сен алтын балыққа қандай үш тілегіңді айтар едің? -Сен қандай адамды денсаулығы жақсы деп есептейсің? -Сен өзіңнің денсаулығыңа қалай қарайсың? -D дәрумені қандай тағамда барын айтып бер. Ол адамға несімен пайдалы? Балалардың жұмысы «Алтын балық» Жұмбақты шешейік. Қанаты бар ұшпайды, Жұрт айламен ұстайды. Терісі бар, жүні жоқ, Жүрісі бар ізі жоқ. Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды.	1.Өзін өзі тану. Тақырыбы: «Мейірімділік менің жүрегімде» Мақсаты: Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Шаттық шеңбері. Мейірімді жүрекпен, Бөлісемін бақытты. Ақ ниетпен шын тілеп, Ізгі істерді жақұтты! Мейірімді адам- өзге адамға, туған туысқандарына, табиғатқа деген жанашырлық сезімін, қамқорлығын көрсетуге дайын тұрады. Көмектесем бәріне. Отын жарып беремін, Суды да алып келемін. Аялаймын мамамды, Тиеді ылғи көмегім. Ең елгезек баламын, Үлкен тілін аламын, Өссем деген ойым бар, Таудай биік талабым. Тыңда. Адамның жақсы қасиеті өзгелерге қамқорлық жасай білуінен көрінеді. Бірге жаттаймыз. Күн нұрындай көңілім,

түсіндіреді.
Балалар балабақшадағы тамақтану кезіндегі ереже, тәртіп, мәдениеттілік туралы айтады.
Суреттегі балалардың әрекетін рөлге еніп қайталайды.
Жағымсыз қылықтар туралы пікірлеседі.
Тамақтанар алдында, тамақтанғаннан кейін айтылатын ізгі сөздерді қайталайды. *Асыңыз дәмді болсын! Рақмет! Ас болсын!*
Педагог балаларға нақыл сөзді қайталап есте сақтап алуын өтінеді.
Алдыңдағы асты шаппай-төкпей же. **3-тапсырма.** Н қай дыбыспен шатастырмау керек? Ол дыбыстарды боя.
Н дыбысын балалар дауыстап айтып, қандай дыбыстарға ұқсайтынын айтады.
Берілген суреттегі Қ және Х әріптерін әдемілеп бояйды.
Н, Қ, Х дыбыстарды айтқанда дұрыс айтылу ережесін сақтап жаттығады.
Сергіту сәті.
Балалар орындарынан тұрып, тыныс алу жаттығуын жасайды.
Тыныс шығарғанда н дыбысын айтады.
4-тапсырма. Педагог берілген сөздерді дауыстап оқиды.
Хабар, қар, қора, хат, «Мох-мох!», қаһар. Балалар естіген сөздерін буынға бөледі.
Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.
Н – қатаң дауыссыз дыбыс.
5-тапсырма. Н әрпімен таныс бол.
Мен қаһарлы ханмын,

Шеңбер жасап тынбасын.
Жұмбақтар жасыру.
Допқа өзі ұқсайтын ерекше бір пішін бар.

Төрт бұрышы бар,
Төрт қабырғасы бар.

Атына сай балалар,
Үш бұрыш, үш жағы бар.
Ол пішінді кім табар?

Қорытынды:
-Қандай геометриялық фигураларды білесіңдер?
-Балалар, осы пішіндерді қоршаған ортамен салыстырайық. Пішіндерге ұқсайтын заттарды атайық
Суреттерге қарайық.
Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын атаймыз.
Балаларды бағалау.

2.Сөйлеуді дамыту.
Тақырыбы: Қос ішекті домбыра.
Мақсаты: Сөздер мен фразаларды дұрыс дыбыстау.
Әліппе дәптермен жұмыс
Қос ішекті домбыра.
1.Қазақтың ұлттық аспаптарын белгіле. Оларды ата.
2.Бірге жаттайық.
Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл сәл кем бұра.
Қазақ нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ домбыра!
Қадыр Мырза Әли.
Жұмбақ жасыру.
Тиіп кетсе жырлаған,
Даусы көпке ұнаған.

Екі ішекпен күмбірлеп,
Көңіл сазын сапырады.
Тұлпар шабыс дүмбірлеп,

Көзінің жасын бұлатты.
4.Я әрпінің бейнесін боя.
Я әрпін жаз.
Тіл ұстарту жаттығуы.
Ян, ян, ян,
Жүгіріп жүр қоян.
Сергіту сәті.
Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы қырлы жерлермен
Ытқып ытқып жүгірді.
Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің,
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.
Қорытынды.
-Бүгін қандай әріппен таныстыңдар?
-Я қандай дыбыс?
Балаларды бағалау.

2.Денешынықтыру.
Тақырыбы: Мерген.

Негізгі қимылдар:
Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секіру түрлерін орындату.
Қимылды ойын: «Көгалда»
Мақсаты: Қимыл қозғалыс және сөз белсенділігін дамыту.
Мергендігімен ерекшеленген батырлар туралы әңгіме:
Бөгенбай, Саңырақ
Тоқтыбайұлы,
Райымбек Түкеұлы.
Бір қатар сап құрып жүру; көз жұмулы (4 метр), кең және тар соқпақ жолмен жүру.
Таякпен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары – қатарынан тізіліп сап құрғанда тиісті арақашықтық сақтау.
Таякпен іс-қимылдар орындау

Су астында қыстайды.
Балықтар әртүрлі болады.
Олардың өте үлкендері де, майдалары да бар. Олар өзен, көл, теңіз, мұхиттарда тіршілік етеді.
Балықтар желбезегімен тыныс алады. Олар жүзу қанаттарының және құйрығының көмегімен суда жүзеді. Балықтың денесі жылтыр қабыршақпен жабылған.
Балықтар.
Алабұға. Шортан. Мөңке. Сазан. Таутан. Жайын.
Сергіту сәті.
Орнымыздан тұрайық,
Алға қарай бір қадам,
Артқа қарай бір қадам.
Оңға қарай бір қадам,
Солға қарай бір қадам.
Бір отырып, бір тұрып,
Сәл тынығып алайық.
Қорытынды.
-Сендер қандай балықтарды білесіңдер?
-Суреттен шортан мен жайынды салыстыр.
Балалардың жұмысын бағалау. Мадақтау.
Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.

2.Жапсыру.
Тақырыбы: Қоңыр үнді домбыра.
Мақсаты: Үлгі қалып (есте сақталған үлгі) затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану.

Күн нұрындай көңілім,
Даламдай кең пейімім.
Жүрегім толы мейірім,
Бәріне ортақ шуағым
Қайырымды баламын.
Қамқорлық жасауды үйрен!
Шамаң келсе көмектес!
Қорытынды.
-Мейірімді адам деп қандай адамды айтады?
-Сендердің қайырымды іс әрекет жасаған кездерің болды ма?
Балаларды мадақтау.

2.Музыка.
Тақырыбы: Наурыз көже.
Мақсаты: Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары «құс», орташа «қоян», төмен «аю») ажырата білу.
Ән тыңдау: «Тойбастар»
Ән айту: «Наурыз көже»

3.Қауіпсіз мінез құлық негіздері.
Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі. Табиғатта өзін дұрыс ұстау.
Мақсаты: Өсімдіктер және улы жәндіктермен қауіпсіздік ережелерін білу және қолдану.
Сен қалай ойлайсың, табиғатта неліктен қауіпсіздік ережесін сақтау маңызды?
Орманда отты қалай жағуға болады?
От жағатын жердің шым қабатын алып, терең қазу керек.
Кетерде отты су құйып

Һ-ға ұқсайды тағым. Педагог өлең жолдарын оқып, мазмұндайды. Һ әрпінің бейнесін тақтаға іліп қояды. Қырынан тұрған тақтың суретін балалар Һ әрпінің бейнесіне ұқсатады. 6-тапсырма. Педагог балаларға жіп және ермексаздан Һ әрпінің бейнесін жасауды көрсетеді. Балалар өздері ұнатқан заттан Һ әрпінің бейнесін жасайды. Һ әрпінің баспа түрін ауада жазады. 7-тапсырма. Балалар суреттегі айдаһарды атайды. *Aйдahap* сөзін буынға бөледі. Суретте берілген айдаһардың әрекетін айтады. Аузынан шыққан оттың Һ әрпінің бейнесіне ұқсайтынын табады. Балалар өлеңнен естіген цифрды айтады. 4 санын дұрыс және төңкерілген бейнесін жазып салыстырады. Һ әрпінің баспа түрін жазады. **2.Музыка.**
Тақырыбы: Наурыз көже
Мақсаты: Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары «құс», орташа «қоян», төмен «аю») **Ән тыңдау:** «Тойбастар» **Ән айту:** «Наурыз көже»

3.Жаратылыстану.

Тақырыбы: Электр тоғы не үшін керек?
Мақсаты: Электр тоғы мен

Желпіндіріп отырады. **3.Сөйлемді толықтыр.** Күйді тартатын адамда....деп атайды. Би билейтін адамды.... Домбыра жасайтын адамды.... Оркестрді басқаратын адамды.....
Өлеңге музыка жазатын адамды....
4.Жұбыңмен жұмбақ айтыс. Мойны ұзын, әдемі, Бар оның қос құлағы. Он тоғыз перне мойнында, Тізіліп қатар тұрады. Екі ішектің есілген Үні қандай ұнамды. Әр қазақтың үйінде, Төрде ілініп тұрады. Кеудесі бар сопақша, Бұл не бұйым болады?

Еркем, еркем, еркем-ай, Еркелеткен еркем ай. Бұл жұмбақтың жауабы, Болады екен домбыра-ай.

Д.О. «Қандай аспап?»
Төмендегі суреттердің ішінен домбыра аспабын тап. Суретте берілген аспаптарды ата.

Қорытынды.
-Бүгін қандай аспаппен таныстыңдар?
-Домбыра тартқан сендерге ұнай ма?
-Кімнің үйінде домбыра аспабы бар?
Балаларды бағалау.

3.Сурет салу.
Тақырыбы: Наурыз көңілді мереке.
Мақсаты: Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып,

кезінде қауіпсіздік техникасы туралы ескерту.
«Ең мергендер»
4 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыру. Бастапқы қалыпта (оң қолмен лақтырғанда сол аяқты алға қойып, аяқтың басын сыртқа бұра оң аяқты бір адым артқа қою) тұрып алға ұмтыла отырып дене ауырлығын оң аяққа түсіріп қолды сермеу.
«Жануарларға байқатпай жақындау» – 4 метрге ішпен жерге жатып еңбектеп бару.Нұсқау – шынтак пен тізеден бүгілген аяқ пен қол қимылдарын үйлестіру.

3.Көркем әдебиет.
Тақырыбы: Алтын бала.
Мақсаты: Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту.
Шаттық шеңбері.
Өзім жақсы баламын, Ана тілін аламын. Мейлі қайда жұмсасын, Бәріне де барамын.
-Анаң сендерді нанға жұмсаса барасыңдар ма?
-Анаңа үй жұмыстарына көмектесесіңдер ме?
С.Тұрдалиевтың **«Алтын бала»** әңгімесін оқу.
-Анасы Зәукенді қайда жұмсады?
-Зәукен кімді кездестірді?
-Атайдың қандай затын жөндеп берді?
-Анасы қайда келді?
-Әжей Зәукен туралы не айтты?
-Анасы неге қуанды
Баласы анасына нені берді?

Тақпақты жаттап алайық.
Екі ішектің бірін қатты, Бірін сәл сәл кем бұра. Қазақ нағыз қазақ емес, Нағыз қазақ домбыра.
Домбыра-қазақ халқының арасында өте ерте заманнан бері кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Домбыра әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. Мойнына он тоғыздан жиырма екіге дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ күйге келтіріледі домбыраның даусы майда, қоңыр, құлаққа жағымды естіледі.
Балалардың жұмысы
«Домбыра»
Балалар түрлі түсті қағаздан домбыраны қиып жапсырады.
Сергіту сәті.
Аққу болып ұшамыз, Көлге келіп қонамыз. Көлдің бетін құшамыз, Қайта самғап ұшамыз.
Қорытынды:
-Қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер?
-Домбыраның үні сендерге ұнай ма?
Балаларды бағалау. Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.

3.Дене шынықтыру.
Тақырыбы: Жартылай отырған қалыпта жүру. (ауада)

өшіру керек.
.Су болмаса отқа топырақ тастап, оның үстінен шым қабатын қайыра жабады.
Есіңе сақта!
Орманда айғайлауға және музыканы қатты қоюға болмайды! Бұл жас төлі бар аңдар мен жұмыртқа басып жатқан құстарды үркітеді. Шошынған жануарлар төлінен адасып қалуы мүмкін.
Орманда қоқыс тастама! Танымайтын өсімдікті үзіп алма! Ол улы болып шығуы мүмкін
Көптеген улы өсімдік әдемі болады. Өзің білмейтін жидектерді жеме! Суретке түсір, бірақ жақындап ұстама!
Тыңда.
«Тәтті алма» М.Әбдірашева.
Суретпен жұмыс.
Суретке қараңдар. Өзіңе табиғаттың қандай көріністері ұнайды? Неліктен?

Есіңе сақта!
Құстардың даусына құлақ сал!
Табиғаттың сұлулығын сезіне біл!
Табиғатты қорғай біл!
Сергіту сәті.
Жазда суда жүземіз, Құмда күнге күйеміз, Жалаң аяқ жүреміз, Қыста қызып денеміз, Коньки, шаңғы тебеміз. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз (балалар бір екі жаттығу түрлерін орындайды).
Бірге жаттаймыз.

табиғи көздерін атау.

Әліппе дәптермен жұмыс

1.Электрмен жұмыс жаайтын заттарды ата.

Оларды не үшін қолданады?

2.Өзің үйінде қолданатын электр құрылғыларын ата.
Оларды тұрмыста не үшін пайдаланады?

3.Жасанды электр тоғын шығаратын құрылғылармен таныс. Электр энергиясын қандай жансыз табиғат бөліктерінен алады екен? Су электр стансысы.

.Күн батереялары.
.Жел құрылғылары.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,
Құстай канат қағайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып алайық.

Қорытынды:

-Балалар бізге электр тоғы қажет пе?

-Біз электр тоғын не үшін пайдаланамыз?

Балаларды бағалау.

4.Ұлттық ойындар.

Тақырыбы:

«Асық ойыны».ИКТ.

Мақсаты:

Балаларға асық туралы түсінік беру. Төзімділік, икемділік,ептілік қасиеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке, тәрбиелеу.

Жұмбақ.

Тиіп кетсе жырлаған,
Даусы көпке ұнаған.
(домбыра).

Екі ішекпен күмбірлеп,
Көңіл сазын сапырады.

заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістік арақатынасын бейнелеу.

Наурыз тойын тойлайық

Наурыз-Шығыс
халықтарының ұлы мейрамы.
Наурыз-жыл басы. Наурыз айында жер беті жаңару тіршілігін бастайды. Қазақтар берекелі дастарханын жайып, наурызкөжесін ұсынады. Ақ тілектер айтылады. Бұл күнді бүкіл халық болып мерекелейді. Өн шырқалып, күй төгіледі.
«Наурыз көңілді мереке»
Балалар суретін салады.

Наурыз-біздің жаңа жыл.

Наурыз келді, балалар,
Көктеді қыр, жағалар.
Наурыз тойын тойлайық,
Жаңа жылда ағалар.
Наурыз, наурыз,
Келді біздің жаңа жыл.

Көктем келді балақай,жасарды жер, алақай!
Наурыз тойын тойлайық, әсем әнге сал апай.

Бәйшешектер гүлдеді,
Қорада мал төлдеді.
Наурыз тойын тойлайық,
Қосыл аққу көлдегі.

Қорытынды:

-Наурыз мерекесін халқымыз қалай тойлайды?
-Наурыз мерекесінде жасалатын ұлттық тағамдарды атаңдар.
Балаларды бағалау.
Мадақтау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз,
Бұрыламыз оңға бір,
Бұрыламыз солға бір,
Біз бақытты баламыз, гүл гүл жайнап жанамыз,
жаттығулар жасасақ,
Жақсы сергіп қаламыз.
Д.О. «Сөйлемді жалғастыр»
-Мен анама.....
(көмектесемін).
-Мен ініме... (қамқор боламын)

Әліппе дәптермен жұмыс.

Ребусты шеш.

Қандай баланы «Алтын бала?»- деп айтуға болады?

Жұмбақ шешейік.

Өзі тас, өзі ақ,

Дәмін татсаң ащы ақ.

Есіңе сақта!

Жақсының жақсылығын айт,
нұры тасысын.

Қорытынды.

-Балалар, күнделікті біз ата-анамыздың тапсырмасын жауапкершілікпен, тиянақты орындауымыз керек. Сонда ғана тәртіпті, алтын бала боламыз.

Балаларды мадақтау.

4.Мүсіндеу.

Тақырыбы: Торсық қымыз құятын ыдыс.

Мақсаты: Пластикалық, конструктивтік және мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігі негізінде ойыншықтар, ыдыс аяқтар жасау.

Торсық-сусын құяюға

Негізгі қимылдар:

Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жегілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп ұдетумен қатар дене жаттығуларын орындау.

1.Шеңбер бойында жәй жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішімен және сыртымен жүру. Жартылай отырған қалыпта жүру.
2.Қол белде оңға, солға иілу.
3.Қолымыз иықта алға, артқа есу.
4.Қол белде оң аяқпен, сол аяқпен және қос аяқпен үш рет секіру.
5.Саппен жүріп өту.

Қимылды ойын:

«Бос орын»

Ойын шарты:

Балалар әртүрлі бағытта бір бірімен жарыса жүгіру. Балаларды сапқа тұрғызу. Балаларды мадақтау, бағалау.

4. Логика әлемі.

Тақырыбы:

9 саны мен цифры.

Мақсаты:

9 санымен және цифрымен таныстыру.

1.10 санау таяқшасын ал.
Мысалдарды шығар.

3+2= 4+2=

5-3= 2+2=

4+1= 5+1=

5-1= 5-1=

2.Санжар гантельді 3 рет, Болат 7 рет көтерді.

Балалар мысалы шығарып, нені анықтайды?

3+7=

7-3=

Ормандар жап жасыл ормандар,
Орманды отаушы болмаңдар!
Отан мен орман жұп, бір ұғым,
Орманды, Отанды қорғандар!

Қорытынды:

-Табиғат аясында жиі боласыңдар ма?

-Табиғаттан қандай әсер алдыңдар?

Балаларды бағалау.

4.Ойнаймыз, ойнаймыз

Тақырыбы:

Ойын «Кім тапқыр»

Мақсаты:

Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу.

Балалардың жұмысы
«Көрікті көктем» сурет салу.

Сергіту сәті.

«Көктем»

Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.

Мерекесі анамның,

Бірге қарсы аламын.

Көктем, көктем, көктемде,

Күн шуағын төккенде.

Күлім күлім қағамыз,

Анам ботам дегенде,

Біз қуанып қаламыз.
(балалар әнді орындайды).

Қорытынды.

-Көктемгі ауа райының қысқы ауа райынан қандай айырмашылығы бар?

Сурет бойынша әңгіме құрастыр.

«Көктем», «Қардың еруі»,
«Көктем келді»

Балаларды мадақтау.

Бағалау.

Тұлпар шабыс дүмбірлеп,
Желпіндіріп отырады.

(домбыра).

Ұзын мойын, екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып көрсен бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп,
Бұл қандай аспап?

Балалардың жұмысы.

«Домбыра» сурет салу.

Д.О. «Бұл қай аспап?»

Ойын шарты:

Суреттердің ішінен домбыра
аспабын тап.

Суретте берілген аспаптарды
ата.

Қорытынды.

-Қандай музыкалық
аспаптарды білесіңдер?

-Домбыраның үні сендерге
ұнай ма?

-Кімнің үйінде домбыра бар?

Балалардың жұмысын бағалау.

Ең жақсы салынған

суреттерден көрме

ұйымдастыру.

4.Орыс тілі.

Тақырыбы: Наурыз празник
весны.

Мақсаты: Внимательно
слушать речь и правильно
реагировать на нее
(использование мимики и
жестов, выполнение
действий).

Әліппе дәптермен жұмыс

Что дарит золотая колыбель?

Наурыз-праздник весны.

1. Наурыз-это праздник весны,
обновления. В этот день все
поздравляют друг друга со
словами «Қлыстың Ұлы күні
құтты болсын!»

Словарник.

Праздник весны-көктем

мерекесі.

Угощяют-сый көрсету.

Дарят подарки-сыйлықтар
береді.

2. Расскажи, что делают на
празднике.

Танцуют, поют-билейді, эн
айтады.

Играют, веселятся-ойнайды,
шаттанады.

Поют, танцуют, гуляют,
приглашают к дастархану.

3. Найди подходящие заплатки
для ковриков. Соедини
линией.

Сергіту сәтін өткізу.

Қарлығашқа ұқсайық,

Қане қанат қағайық.

Қарлығаш болып ұшайық,

Ұшып, ұшып қонайық.

Қорытынды:

-Наурызды халқымыз қалай
тойлайды?

-Наурыз мерекесінде
жасалатын ұлттық тағамдарды
атаңдар

Балаларды бағалау.

арналған ежелгі ыдыс.

Торсықты қазақ, қырғыз,

түркімен, қарақалпақ

халықтары пайдаланған.

Торсық түйенің, бұғының
терісінен жасалады.

Торсықтың бүйірі дөңгелек,

мойны жінешке әрі ұзын

болып келеді. Аузына

ағаштан тығын тығылады.

Бірге жаттайыз.

Жол шеккен кезде қиырға,

Жаяудың жалғыз сенгені

Толтыра сусын құйылған,

Торсығы ғана белдегі.

Балалардың жұмысы.

«Торсық» (мүсіндеу).

Сергіту сәті.

Қорбандаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Қорытынды:

-Торсық қандай ыдыс?

-Торсық неден жасалады?

Балаларды бағалау.

Көрме ұйымдастыру.

3. Суреттегі заттармен есеп
құрастыр.

Гүлдер 6

Шарлар 5

Доптар 7

Саңырауқұлақтар 4

4. Сандарды салыстыр.

Салыстыру белгілерін қой.

3 5 9 10

5 4 10 10

6 7 8 4

Сергіту сәті.

1 дегенде тұрайық,

2, 3, 4 алақанды соғайық.

Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз жүгіріп алайық.

5 дегенде асықпай,

Орнымызды табайық.

Қорытынды.

-Бүгінгі сабақ сендерге

ұнады ма?

-Балалар, сендерге есеп

шығарған ұнайды ма?

Балаларды мадақтау.

Бағалау.

<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Қимылды ойын: Доп кімде? Мақсаты : шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>Дид.қ ойын «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p>Дид.қ ойын: «Ненің төлі жоқ?» Мақсаты: Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сюжетті рольді ойын «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p>«Сыңарын тап» Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>№1. Ауа райына бақылау жасау. Д.О. «Ауа райын сипатта» Ойын шарты: Балалардың ауа райына байланысты сөздерді таңдап алуы. (жылы, ашық, суық, желді).</p>	<p>№6. Қардың алғашқы еруін бақылау. Тақпақ. Көктем. Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау бақшада, орманда, Құстар әні төгілді. Д.О. «Көктем ерекшеліктерін кім көп айтады?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Қимылды ойын: «Жүгір отыр жүгір» Ойын шарты: Белгі бойынша әрекет жасауды жалғастыру Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру.</p>	<p>№3. Желге бақылау жасау. Тапсырма: Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау.</p>	<p>№4. Аспанға бақылау жасау. Д.О. «Көктемге арнап бояу табайық» Ойын шарты: Балалар жыл мезгілдері туралы білімін тиянақтау. Көктемгі табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу.</p>	<p>№5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Д.О. «Бұлт неге ұқсайды?» Ойын шарты: Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Балалардың қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. Қимылды ойын: «Кілттер» Ойын шарты: Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қоюы керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнында болады.</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Аянат, Аслан жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра білуге үйрету</p>	<p>Рахим, Айару тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуына жұмыс жасау</p>	<p>үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атайды;</p>	<p>орыс тілінде 10 көлеміндегі сандарды білу оларды тура және кері санау</p>	<p>Жазу жаттығулары</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы. Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу, тақпақтарын ,сандарды қайталау, қадағалау.</p>	<p>Балаларының оқу іс - қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.</p>	<p>Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»</p>	<p>Өлең, тақпақтар жаттау.</p>